

## БЕКІТЕМІН

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және  
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл  
агенттігінің Қарағанды облысы бойынша  
департаментінің басшысы

«» **Ж.Ш. Сәрсенов**  
2017 ж.

## КЕЛІСІЛГЕН

«Қарағанды облысының  
жастар одағы» төрайымы

«» **М.М. Күсенбаева**  
2017 ж.

ЖОО студенттері мен магистранттары арасында қоғамда сыбайлас  
жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру саламында  
жобалар байқауын өткізу туралы

## ЕРЕЖЕ

**Өткізілу мерзімі:** 2017 жылдың 23 қазан – 30 қарашасы

**Мақсатты топ:** Қарағанды облысы жоғары оқу орындарының  
студенттері мен магистранттары

### 1. Мақсаттары және міндеттері:

- жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің жоғары деңгейін қалыптастыру;
  - жүріс-тұрыстың нормалары болуға тиіс «адалдық» және «сатылмаушылық» идеяларын ұғынуды дәріптеу;
  - жастардың құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін арттыру үшін жағдай жасау;
- жас ұрпақтың азаматтық белсенді ұстанымын, еліміздің дамуына жауапкершілік сезімін және сыбайлас жемқорлықты қабылдамауы мен оған төзбеушілігін қалыптастыру.

### 2. Ұйымдастырушылар:

- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті.

- «Қарағанды облысының жастар одағы» ҚБ.

### 3. . Өткізілу кезеңдері:

Байқау келесі кезеңдер бойынша өтеді:

- **байқау жұмыстарын қабылдау.** Байқау жұмыстарын қабылдау (одан әрі – бейнероликтер мен vine-дар) **2017 жылдың 23 қазанынан бастап 30 қарашасына дейін** [anticor.konkurs@mail.ru](mailto:anticor.konkurs@mail.ru) электрондық мекенжайы, [vk.com/anticorteam](https://vk.com/anticorteam) жеке парақшасы және instagram әлеуметтік желісіндегі anticorruption\_karaganda жеке парақшасына direct қызметі бойынша жолдау арқылы іске асырылатын болады;

- **байқау комиссиясының отырысы.** Байқаудың 2 кезеңі үздік жобаларды анықтауға бағытталған байқау комиссиясының отырысын білдіреді;

- **байқау жеңімпаздарын және қатысушыларын марапаттау.**  
Анағұрлым жоғары баллдарға ие болған жоба авторлары 2017 жылдың 9 желтоқсанында естелік сыйлықтармен және тиісті дипломдармен марапатталады

#### **4. Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар:**

Байқаудың жұмыстарының тілдері: қазақ және орыс;

Байқау жұмысының құрылымы :

- негізгі бет

- кіріспе (жұмыстың сипаттамасы, жоба өзектілігі), (1-2 бет);

- **Мақсатты топ:**

- **Мәселенің қойылуы/міндеттер:**

- **Қызмет/кезеңдер/әдістер және жобаның жүзеге асырылуы:**

Жобаның мақсатына жетуге бағытталған шаралардың, қадамдардың жүйеленген кешені, бөлек жұмыстар және жобаның маңызды іс-шаралары. Жобаға оның бөлек кезеңдерінің орындалуының нақты мерзімдері және маңызды іс-шаралары белгіленген күнтізбелік жоспарды (жоспар-жұмыстар кестесі) қосуға болады.

- **Тиімділігін бағалау/ өлшемді күтілетін нәтижелер:**

Жобаның тиімділігін қалайша бағалайтыныңызды көрсетіңіз. Әрбір міндетті орындау бойынша бағалауды жүргізу үшін қандай мәліметтерді жинақтайтыныңыз және оларды қалайша талдап қолданатыныңыз көрсетілуі тиіс. Яғни өлшемді параметрлерде бағалауға болатын жобаның әлеуметтік әсері өлшенеді.

- **Жобаның одан әрі дамуының болжамы**

- **Жобаның жылдық бюджеті:**

Жоба бойынша ықтимал шығындардың тармақталған бюджетін, бөлек тармақтардың жобаның мақсаттары мен міндеттеріне және жоспарына сәйкестігін негіздеуді білдіреді.

- **Фандрайзинг:**

Жобаны қаржыландыру қайнақоздері, жобаға инвестициялар тарту бойынша нақты қадамдар.

- **Жобаның PR сүйемелденуі**

Жобаның кең ауқымда жариялануын қамтамасыз ететін PR іс-шаралардың кешені. Жобада қолданылатын технологиялар. Жобаның PR міндеттерін шешуге бағытталған нақты өнімдер, мәтіндер, сценарийлер.

- **Жобаның GR сүйемелденуі**

- Жобаның жүзеге асырылуы аясында билік органдарымен өзара әрекеттесу. Жоба аясында нақты қадамдар мен іс-шаралар.

- Талдау бөлімі;

- Негізгі критерийлер: тақырыптық өзектілігі, даралығы, бірегейлігі, мазмұндылығы, орындау сонылығы, жобаны жүзеге асырудың шынайылығы және практикалық мәнділігі.



- Басты тезистер: **сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, сыбайлас жемқорлықты қабылдамау.**

**5. Өтінімді рәсімдеу:**

- өтінім дара түрде рәсімделеді (№2 қосымшаны қара.)

**6. Байқау комиссиясы:**

Байқау комиссиясына мемлекеттік органдардың, білім беру, үкіметтік емес ұйымдардың және ғылыми, кәсіпкерлік қауымдастықтардың өкілдері кіреді.

**7. Ұйымдастырушылардың байланыс мәліметтері:**

- іс-шара үйлестірушісі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының бас маманы Бұрханов Олжас. Байланыс мәліметтері: жұмыс тел. 8 (7212) 50-41-02, ұялы тел. 8-747-497-77-77, [dadgspk.karaganda@mail.ru](mailto:dadgspk.karaganda@mail.ru).

**8. Өтінім нысаны**

|  |  |
|--|--|
| <b>Білім беру ұйымының атауы</b>                       |  |
| <b>Қатысушылардың аты-жөні</b>                         |  |
| <b>Байланыс мәліметтері</b><br>(ұялы, үй тел., e-mail) |  |
| <b>Курс</b>  |  |
| <b>Жұмыс атауы</b>                                     |  |
| <b>Жетекшінің аты-жөні, лауазымы</b>                   |  |